

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы жоғары дәрежелі ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандар даярлау мен аттестациялау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 26 маусым N 866

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Алматы қаласында 1997 жылғы 11 қарашада жасалған Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы жоғары дәрежелі ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандар даярлау мен аттестациялау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Грузия Үкіметі
арасындағы жоғары дәрежелі ғылыми және
ғылыми-педагогикалық мамандар даярлау мен
аттестациялау саласындағы ынтымақтастық туралы
Келісім

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2000 ж., N 4, 42-құжат)
(1999 жылғы 3 тамызда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,
Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 81 бет)

Әрі қарай Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Грузия Үкіметі ғылыми дәрежелер (ғылыми-педагогикалық атақтар), ғылыми дәрежелерді салыстыру туралы құжаттарды мойындау және нострификациялау принциптері туралы келісімдерді басшылыққа ала отырып;
ғылыми байланыстарды сақтап қалуға және дамытуға ұмтыла отырып;

жоғары дәрежелі ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандарды даярлау мен аттестациялау саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықты жалғастыру талпынысын қ у а т т а й

о т ы р ы п ,
төмендегідей келісімге келді:

1 - б а п

Жоғары дәрежелі ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандарды аттестациялау жүйелерін дамыту туралы өз концепцияларын жасау барысында Тараптар өзара кон с у л ь т а ц и я л а р а л ы с а д ы .

2 - б а п

Тараптар ғылыми қызметкерлер мамандықтары бойынша ұлттық тізбесін (номенклатураларын) жасау мен өз мемлекеттері аумағында ғылыми дәреже беру кеңестерінің желісін құруы туралы бір-біріне мәлімет беріп отырады.

Жоғары дәрежелі ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандарды аттестациялаудың мемлекеттік жүйелерінде ғылыми дәреже мен ғылыми (ғылыми-педагогикалық) атақтар ізденушілеріне қойылатын негізгі талаптарының салыстырмалылығын қамтамасыз етеді.

3 - б а п

Тараптар жоғары дәрежелі ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандарды даярлау мен аттестациялау саласындағы ынтымақтастықты:

- бір Тараптың ізденушілеріне екінші Тараптың территориясындағы ғылыми дәреже беру кеңестерінде диссертацияларын қорғауды өткізу үшін тең жағдай жасау арқылы;

- Тараптардың жоғары дәрежелі ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандарды аттестациялаудың мемлекеттік жүйелеріндегі өзгерістер туралы уақытында өзара хабарлап отыру, тесті нормативтік актылар мен осындай мамандарды даярлау және аттестациялау мәселесіне байланысты басқа да құжаттар алмасу;

- бір тараптың аспирант, докторант, ғылыми қызметкерлерін екінші тарапқа оқуға, мамандығын жетілдіруге және диссертация даярлауға жолдауы (бұлар валютасыз эквиваленттік негізде де, Тараптардың мүдделі ұйымдарының - жолдаушы және қабылдаушы ұйымдардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі анықталған тікелей келісімшарттарына сәйкес жүзеге асырылады) арқылы дамытатын болады.

4 - б а п

Диссертациялық жұмыстардың сараптау сапасын арттыру үшін тараптардың ә р қ а й с ы с ы :

- өз мемлекетінің жетекші ғалымдары мен мамандарының екінші Тараптың ғылыми дәреже беру кеңесі жұмысына қатысуына, сондай-ақ диссертация қорғау кезінде

о п п о н е н т р е т і н д е қ а т ы с у ы н а ;
- екінші тараптың ғылыми дәреже беру кеңесінде қорғалған диссертацияларға
қосымша сараптау өткізуіне жәрдемдеседі.

5 - б а п

Тараптар өз мемлекеті аумағында екінші Тараптың тиісті органдары берген ғылыми дәреженің және ғылыми (ғылыми-педагогикалық) атақтың берілуі туралы мемлекеттік үлгідегі квалификациялық құжаттарын мойындайды.

Құжаттарды мойындау олардың иелеріне Тараптардың өз мемлекеті аумағында белгіленген ұлттық мемлекеттік құжаттар иегерлері құқықтарын міндетті түрде телу
б о л ы п т а б ы л м а й д ы .

Ғылыми дәрежелер мен ғылыми (ғылыми-педагогикалық) атақтар туралы мемлекеттік үлгідегі квалификациялық құжаттардың салыстырмалылығы (эквиваленттілігі) олардың иегерлерін қайта аттестациялау үрдісінде анықталады.

Қайта аттестациялау ізденуші азаматы болып табылатын немесе тұрақты өмір сүріп жатқан мемлекеттің аттестациялау ұйымында жүргізіледі.

6 - б а п

Тараптар жоғары дәрежелі ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандарды аттестациялау үрдісін жетілдіруге бағытталған басқару тәжірибесін алмасу үшін бірлесіп отырып, қажетті шаралар өткізуді қамтамасыз етеді.

7-бап

Осы Келісімге қатысу Тараптардың жоғары дәрежелі ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандарды даярлау мен аттестациялау саласында ынтымақтастықтың басқа да түрлерін қолдану құқығына шек қоймайды және Тараптардың ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандарды аттестациялау мемлекеттік жүйелерінің өз бетінше, тәуелсіз жұмыс істеуіне бөгет жасамайды.

8-бап

Осы Келісімді жүзеге асыруға байланысты нақты мәселелер бойынша қосымша келісімдер мен хаттамалар жасалып, қол қойылуы мүмкін.

9-бап

Осы Келісімге немесе оны орындауға байланысты талас мәселелер туындаған

жағдайда, оларды шешу жолдарын келісу мақсатымен Тараптардың өкілдері өзара
к о н с у л ь т а ц и я л а р а л ы с а д ы .

1 0 - б а п

Тараптардың тиісті мемлекеттік аттестациялау ұйымдарды осы Келісім бойынша
жете хабардар (міндетті, компетентті) болып табылады.

1 1 - б а п

Осы Келісім жоспарланған мемлекетішілік үрдістердің аяқталуы туралы тараптар
өзара хабарласқан күннен бастап күшіне енеді, бес жыл бойы қолданылады және бір
Тарап екінші тарапты Келісімнің кезекті қолданылуын тоқтату туралы өз ниетін
жазбаша түрде білдірмесе, келесі бесжылдық мерзімдерге өзінен өзі жалғастырыла
б е р е д і .

Әрқайсысы қазақ, грузин және орыс тілдерінде жазылған түпнұсқаның екі
данасы Алматы қаласында 11 қарашада 1997 жылы жасалды. Барлық мәтіннің
күші бірдей.

Осы Келісімді түсіндіруге немесе жүзеге асыруға байланысты
Тараптардың келіспеушілігі туған жағдайда, Тараптар Келісімнің орыс
тіліндегі мәтінін басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметі үшін

Мамандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

Грузия

Үкіметі үшін